



ЦИФРАНДЫРУ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ:

цифрлық дамудың жаңа кезеңі



Қазіргі таңда жасанды интеллект технологиялары әлемдік дамудың негізі қозғаушы күштерінің біріне айналды. Ғылыми техникалық прогрестің қарқынды дамуы мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және технологиялық әлеуетін арттыруда жасанды интеллекттің маңызын күшейтті. Өндіріс, білім беру, медицина, қаржы және мемлекеттік басқару жүйелерінде қолданысқа енген жасанды интеллект технологиялары еңбек өнімділігін арттырып, ақпаратты жылдам өңдеуге және тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп отыр.

Жасанды интеллектті дамыту – елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы. Осыған байланысты цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және білікті мамандар даярлау мәселелері өзекті болып отыр. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің екінші отырысында кеңірек сөз болды.

▶▶▶ 2-бетте

ЖЕРЛЕСТЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



3

«ЕКПЕ – ЕЛ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»



5

ОРМАН-ТОҒАЙДЫҢ ЖАУЫ – ӨРТ



6

ҚАЗПОШТА АРҚЫЛЫ «ЖАЙЫҚ ШҰҒЫЛАСЫ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

Жаңалықты бірінші біліңіз!

- ГАЗЕТҮЙІҢІЗГЕ ЖЕТКІЗІЛЕДІ
- УАҚЫТЫҢЫЗДЫ ҮНЕМДЕНІЗ
- БАҒАСЫ ҚОЛЖЕТІМДІ
- СЕНІМДІ АҚПАРАТ КӨЗІ

Жеке тұлғалар үшін 6 айға 2280,20 теңге
Заңды тұлғалар үшін 6 айға 3781,10 теңге

8 701 396 2072

Толық ақпарат алу үшін
қоңырау шалыңыз



АРХЕОЛОГИЯ

ҚЫТАЙ ТИЫНЫ ТАБЫЛДЫ

Жуырда Сарайшықтағы №3 қазба маңынан «Сарайшық» музей-қорығының археологтары ортасында төрт бұрышты тесігі бар Қытай тиынын тапты. Бұл Сарайшықтан табылған алғашқы Қытай тиыны ретінде тіркеліп отыр. Жалпы Атырау облысы бойынша музей қорларында мұндай көне Қытай тиындары бұрын кездеспеген. Ал Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында осындай тиын табылғаны туралы әріптестерімізден ауызша мәлімет бар.

Табылған тиын Қытайдың Солтүстік Сун династиясы кезеңіне жатады. Ақша әулетінің алтыншы императоры Шэнь-цзүң билік еткен уақытта соғылған. Император 1067-1085 жылдары ел басқарған және тарихта реформатор ретінде белгілі. Тиын оның билігінің алғашқы «Си Нин» кезеңіне (1068-1077 жж.) сәйкес келеді және мыстан құйылған. Тиын бетінде мемлекеттік ресми ақшаға тән «юань бао» жазуы бар. Бұл сөз «негізгі ақша», «айналымдағы қазына» деген мағынаны білдіреді.

Сун династиясы (960-1279) – әлем тарихында экономикасы дамыған, технологиялық жетістіктерге бай және мәдениеті гүлденген өркениет ретінде танымал. Бұл кезеңде алғаш рет қағаз ақша айналымға енгізіліп, компас, оқ-дәрі және кітап басу ісі кеңінен дамыды. Император Шэнь-цзүң билігі кезінде мемлекет экономиканы нығайтуға бағытталған реформалар жүргізді. Соның ішінде мыс тиындарды жаппай шығару арқылы ақша айналымын күшейтіп, сауда-саттықты жандандыруға ерекше мән берілді. Сондықтан мұндай тиындар тек төлем құралы ғана емес, сол кезеңдегі экономикалық саясаттың нақты көрінісі ретінде жұмыс істеді.

Қытай тиындарының біздің өңірге таралуының негізгі жолы – Ұлы Жібек жолы. Саудагерлер тауармен бірге ақшаны да алып жүрген. Мұндай тиындар жергілікті ақша айналымында кең қолданылмауы мүмкін, алайда оларды металл ретінде қайта балқытуға, немесе әшекей, тұмар ретінде пайдалануға болған. Тиынның тесігінен жіп өткізіп, мойынға тағуға ыңғайлы болған.

Зерттеушілердің пікірінше, Қытай тиындары Еуразия кеңістігіне Алтын Орда дәуірінде біршама таралған. Олар моңғол жаулап алушылары арқылы келуі бек мүмкін. Мәселен, нумизмат П.Петров Отырар аймағынан табылған Қытай тиындарын зерттей отырып, Сыр бойы тұрғындары оларды белгілі бір деңгейде ақша айналымында қолдануы мүмкін деген болжам ұсынады. Сарайшықтағы мұндай олжалар қаланың халықаралық сауда жүйесіне енгенін және Еуразия кеңістігіндегі экономикалық байланыстарға белсенді қатысқанын дәлелдейді.

Айбек ТУРАРҰЛЫ,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының бас инспекторы

2026
Сарайшық

